

"Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Алматы ауылдық округінің жергілікті қоғамдастырының бөлек жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 29/172 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 17 наурыздағы № 17/187 шешімі. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 8-94 шешімімен

**Ескеरту.** Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 19.09.2023 № 8-94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Алматы ауылдық округінің жергілікті қоғамдастырының бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 29/172 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2723 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Алматы ауылдық округінің жергілікті қоғамдастырының бөлек жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар мен көшелер тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы";

аталған шешіммен бекітілген Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Алматы ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу қағидалары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы шешімнің қосымшасы аталған шешімнің 2 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының  
хатшысы*

*А. Бектасова*

Солтүстік-Қазақстан облысы

Есіл ауданы мәслихатының  
2022 жылғы 17 наурыздағы  
№ 17/187 шешіміне  
1 қосымша  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Есіл ауданы мәслихатының  
2014 жылғы 27 наурыздағы  
№ 29/172 шешімімен  
бекітілген

## **Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Алматы ауылдық округінің жергілікті қоғамдастырының бөлек жиындарын өткізу қағидалары**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің ұлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Алматы ауылдық округі аумағында ауыл тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтарының бөлек жиындарын өткізу тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл, көше тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

### **2-тaraу. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы учаскелерге (ауылдар, көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Алматы ауылдық округінің әкімі шақырып, ұйымдастырады.

6. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Алматы ауылдық округінің әкімі бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары, телефон арқылы

және "Whatsapp" месенджер арқылы ол өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді.

7. Ауыл ішіндегі жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Алматы ауылдық округі әкімінің ұйымдастыруымен өткізеді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны ашылғанға дейін оған қатысуға құқығы бар тиісті ауылдың тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайзызы қатысқан жағдайда өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Алматы ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген адам ашады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының төрағасы Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Алматы ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген адам болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын жасау үшін ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындарының өкілдеріне кандидаттарды Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидат бойынша жеке жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп дауысын алған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Алматы ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.

Солтүстік-Қазақстан облысы

Есіл ауданы мәслихатының

2022 жылғы 17 наурыздағы

№ 17/187 шешіміне

2 қосымша

Солтүстік-Қазақстан облысы

Есіл ауданы мәслихатының

2014 жылғы 27 наурыздағы

№ 29/172 шешімімен

бекітілген

**Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Алматы ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

№ п/п	Елді-мекеннің атаяуы	Өкілдер саны (адам)
1.	Өрнек ауылының тұрғындары үшін:	
	Жастар көшесі	2
	Коктерек көшесі	2
2.	Мектеп ауылының тұрғындары үшін:	
	Коктерек көшесі	2
	Береговая көшесі	2
3.	Жарқайың ауылының тұрғындары үшін	2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК